

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

«Қаржы және құқықтану» кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық атауы: Құқықтану

Мамандық шифры: 5В030100

Дайындау бағыты: Құқық

Берілетін дәрежесі: Құқықтану мамандығы бойынша құқық бакалавры

Шымкент, 2016ж.

Элективті пәндер каталогы 5В030100- «Құқықтану» мамандығы үшін дайындалды.

Құрастырушылар:

- 1) Жаналиева А.Ж., з.ғ.к., аға оқытушы
- 2) Қожабергенова Н. құқық магистрі, аға оқытушы

«Қаржы және құқықтану» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі

Сергазиева М.Р.

ӘК төрайымы

Қожабергенова Н.М.

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы

Қожабергенова Н.М.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) бекітілді.

Кіріспе

5B030100- «Құқықтану» мамандығы бойынша білім беру 2 траектория бойынша ұсынылады:

- 1) 5B030100-Құқықтану мамандығы 5B030101-Қылмыстық-құқықтық қызмет мамандандыруының білім беру траекториясы;
- 2) 5B030100-Құқықтану мамандығы 5B030102-Азаматтық-құқықтық қызмет мамандандыруының білім беру траекториясы.

Бітірушіге «Құқық бакалавры» дәрежесі беріледі.

5B030100-Құқықтану мамандығы 5B030101- Қылмыстық-құқықтық қызмет мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітірушілер төмендегі қызметтер атқара алады:

- қылмысқа қарсы күрес жүргізетін құқық қорғау органның қызметкері;
- заңгер кеңесші;
- прокуратура қызметкері;
- Қазақстан Республикасының Ішкі Істер органдарында;
- қылмыстық істер бойынша мамандандырылған соттың судьясы;
- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінде;
- Мемлекеттік кірістер Департаментінде;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде;
- адвокат және т.б.

5B030100-Құқықтану мамандығы 5B030102- Азаматтық-құқықтық қызмет мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітірушілер төмендегі қызметтер атқара алады:

- шаруашылық-құқықтық саласындағы, соның ішінде бизнестегі кәсіби заңгер;
- нотариус;
- прокуратура қызметкері;
- азаматтық істер бойынша мамандандырылған соттың судьясы;
- адвокат және т.б.

Элективтік пәндер каталогы жоғарыда аталған екі білім беру траекториясы бойынша жасалынды. 5B030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша негізгі оқылатын таңдау пәндері бірыңғай. Кәсіптендіру пәндері циклдерінде мамандандырудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, кейбіртөмендегідей пән айырмашылықтары көрсетіледі.

Кәсіптендіру пәндер циклы

1 – білім беру траекториясы

- 1.1. Адвокатура /3 кредит/
- 1.2. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау /3 кредит/
- 1.3. Қылмыстық құқықтың және қылмыстық сот өндірісінің дамуының ғылыми негіздері /3 кредит/
- 2.1. Жедел іздестіру қызметі теориясы /3 кредит/
- 2.2. Қылмыстық-құқықтық қызмет /3 кредит/
- 2.3. Тергеу және анықтау органдары /3 кредит/
- 3.1. Қазақстан Республикасында прокурорлық қадағалау /3 кредит/
- 3.2. Заңдардың атқарылуына прокурорлық қадағалау /3 кредит/

2 – білім беру траекториясы

- 1.1. Шарттық құқық /3 кредит/
- 1.2. Қазақстан Республикасының ақпараттық құқығы /3 кредит/
- 1.3. Азаматтық құқықтық құжаттар практикумы /3кр/
- 2.1. Міндеттемелік құқық 3 қр
- 2.2. Тұрғын үй құқығының өзекті мәселелері 3 қр
- 2.3. Банк құқығы 3 қр
- 3.1. Патенттік құқық /3 кредит/
- 3.2. Қазақстан Республикасының сақтандыру құқығы /3 кредит/

Жоғары оқу орнында 5В030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша 5В030101 – «Қылмыстық құқықтық қызмет» және 5В030102 – «Азаматтық құқықтық қызмет» мамандандыруының білім беру траекториясы элективті пәндер каталогы шеңберінде жасалынып, студенттерге таңдауға ұсынылады.

Цикл атауы: Жалпы пәндер циклы 7 - кредит (315сағат)

1.1.Пән атауы:Әлеуметтану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттерге негізгі теоретикалық бағыттар мен ғылымда қолданылатын эмпирикалық әдістер жөнінде кешенді білімдерді беру. Берілген пән әлеуметтік құрылым туралы,әлеуметтік процестер және әлеуметтік институттар -қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде,әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен, әлеуметтік дүние, тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылым-әлеуметтану маңызды орынды иеленеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігін тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімнің рөлін арттырады. Әлеуметтану адамдар өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін, ұрпақ қалдырып, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез келген құбылысты адамдық тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салдарын көруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекеттің түпкі конституциялық қағидаларын тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толығыады. Әлеуметтану қоғам туралы ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқын студенттердің меңгеруі оларға өз ортасын тануына, қоғамдағы әртүрлі оқиғалар мен жағдайларды түсінуіне септігін тигізеді.

Күтілетін нәтижелері:Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Әлеуметтану курсына қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «өзін-өзі тану» пәнінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизиттері:Еңбек құқығы, Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

1.2. Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері (Зкредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақстанда әлеуметтік ойдың қалыптасуы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік болмысының, дүниетанымының, әлеуметтік құндылықтар жүйелерінің айрықша нысандарына байланысты өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақ әлеуметтану ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық саяси діни рухани т.б құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методикалық негізгі темір қазығы болып табылады. Оның кезеңдері Классикалық кезең - Ш.Уәлихановтан, А.Құнанбаевтан және Ы.Алтынсариннен бастау алады; 2.Дамыған ағарту ісі кезеңі. Қазіргі заманғы Қазақстандық әлеуметтану ғылымының ролі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден, қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның ролі мен маңызының арта түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтар қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға әлеуметтану ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады.

Күгілетін нәтижелері: Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдынарын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері курсына қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «өзін-өзі тану», «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы» пәндерінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизиттері: Еңбек құқығы, Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

1.3. Пән атауы: Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері (Зкредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: төмендегі мақсаттарды шешу үшін қажетті теориялық білімдер мен практикалық іс-әрекеттер көлемін студенттердің игеруіне жәрдемдесу:

- еңбек қызметі мен адам демалысы аймағында қалыпты жағдай жасау;
- адам мен оның өмір сүру ортасын залалды әсерлерден қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу, оны іске асыру;
- техниканы, технологиялық процесстер мен шаруашылық объектілерін қауіпсіздік және экологиялық тәртіптеріне сәйкес пайдалану;
- шаруашылық жүргізуші және техникалық жүйе объектілерінің дағдылы мен төтенше жағдайдағы жұмыс істеу тұрақтылығы;
- халықты, өндіріс қызметкерлерін, авария, апат, зілзала салдарынан, сондай-ақ осы заманғы зақымдау құралдарының қолданылуынан қорғау жөніндегі шешімдерді және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәні – адамның төтенше жағдай кезіндегі өмір сүру ортасымен қауіпсіз қарым қатынасының, шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеу әдістерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен салдарын жою және осы заманғы зақымдау құралдарының қолданылуы мәселерің зерттейді.

Пәнде мынадай мәселелердің жәй-күйі мен жағымсыз факторлары қаралады:

- тіршілік ортасының жәй-күйі мен жағымсыз факторлары;
- адамның тіршілік ортасымен қарым-қатынасының қауіпсіздігін қамсыздандыру принциптері, физиология негіздері және оның қызметінің қолайлы жағдайлары;
- жарақаттаушы, залалды және зақымдағыш факторлардың адамға әсерінің анатомиялық-физиологиялық факторлары, оларды біргеелестіру принциптері, техникалық құралдар мен техникалық процесстердің қауіпсіздігін арттыру;
- шаруашылық объектілерінің төтенше жағдайдағы жұмыс істеу тұрақтылығын зерттеу әдістері;
- Төтенше жағдай (ТЖ) мен оның салдарын болжау;
- Төтенше жағдайда халық пен шаруашылық объектілерінің өндірістік қызметкерлерін қорғау және ТЖ салдарын жою жөніндегі шараларды әзірлеу;
- тіршілік қауіпсіздігінің нормативтік-техникалық және ұйымдық негіздері.

Күгілетін нәтижелер: Курсты игеру барысында шәкірт мынаны білуге тиіс:

- өмір сүру ортасындағы адам қауіпсіздігінің теориялық негіздерін;
- тіршілік қауіпсіздігінің құқықтық және нормативтік-техникалық негіздерін;
- жарақаттаушы, залалды және зақымдағыш факторлардың адамға анатомиялық-физиологиялық салдарын;
- ТЖ-да шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуін арттыратын жолдар мен әдістерді;

- төтенше жағдайда болжау және оның салдарын жою әдістерін.

Пререквизиттері: Тіршілік қауіпсіздігі курсына қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «адам анатомиясы», «химия», «физика», «биология», «зоология», «тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәндерінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизиттері: Экологиялық құқық, ҚР табиғатты қорғау заңнамалары

Оқытушы: Жанысбеков Ә.Ж.

2.1. Пән атауы: Экономикалық теория негіздері (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Бүгінде экономикалық теория мен шаруашылық жүргізудің практикасындағы қол үзуді болдырмау міндеті қойылым отыр. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Ол қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экономикалық теория адамзат қоғамының тарихи даму сатыларында ерекше орын алады. Себебі, адамдар өмір сүру үшін алдымен материалдық, рухани игіліктер өндіруі қажет. Басқаша айтқанда өмірге қажетті азық-түлік, киім, тұрғын үй, отын, т.с.с. тұтынуға жарамды заттар өндірілуі керек. Осыған орай не өндіру, қалай өндіру, кімдер үшін өндіру деген сұрақтар адам баласының әрбір жеткіншек буындарының алдында тұрған көкейтесті міндет. Бұл міндеттен ешбір қоғам құтыла алмайды. Өмір сүру үшін тұтыну қажет. Тұтыну қалай тоқтатылмаса, өндіріс те солай тоқтамауы қажет. Сайып келгенде өндіріс қоғамдық өндіріс болып саналады. Себебі, жеке өнім өндірушілер өздерінің қажетін өтеп қана қоймайды, сонымен қатар қоғам мүшелері үшін де қызмет атқарады.

Күтілетін нәтижелер: Курсты меңгерудің нәтижесінде студент келесілерді білу керек:

- Негізгі экономикалық түсініктер мен терминдерді білу;
- Негізгі экономикалық мәселелердің мазмұны мен оларды шешуге әртүрлі көзқарастарды түсіну;
- Ағымдағы және келешектегі экономикалық жағдайларды талдау мен бағалаудың негізінде тиімді экономикалық шешімдерді өз бетінше қабылдау;
- Өтпелі экономика ерекшеліктерін және Қазақстанның экономикалық қатынастарының ерекшеліктерін түсіну;
- Әдебиеттермен жұмыс істеу процесінде экономикалық білімді өз бетінше меңгеру;
- Ғылыми аппаратты пайдалану және семестрлік, бақылау және ғылыми жұмыстарды дұрыс рәсімдеу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: Кәсіпкерлі құқық, Салық құқығы, Банктік құқық

Оқытушы: магистр Алиева Ф.У.

2.2. Пән атауы: Мемлекет және бизнес (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдаланылады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоғарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, әдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Мемлекет және бизнес» пәні Голландияда, Италияда, Данияда, Бельгияда және дебасқа да Еуропа елдерінде, сонымен қатар Канада мен АҚШ-та оқытылады. Мемлекеттік басқару мәселелері бойынша мамандарды дайындау бағыты қайта

құру жағдайында және нарықтық реформа кезінде мақсаты айқын және болашағы зор. Өмірдің өзі көрсеткендей, мұндай дайындыққа деген қажеттілік өте жоғары және осы пәнді оқып-үйренуші студенттердің қызығушылығы жылдан-жылға ұлғаюда. Курстың басты мәселесі болып экономиканың дамуын бағалайтын сындарлы фактор болып табылатын, мемлекет, бизнес және экономикалық агенттер арасындағы өзара тәуелділік пен өзара байланысты оқып үйрену. Үкіметтің рөлі нарықтағы өз орнын алып қана қоймай, сонымен қатар нарықтық экономиканың қызметтерін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер: Оқытудың нәтижесі «мемлекет-бизнес» қатынастарын тиімді басқару өрісінде студенттердің мамандану дәрежесін дамыту болуы қажет.

Пәнді оқу нәтижесінде студенттер білуге тиісті:

- мемлекеттің мәні және оның бизнес тактикасы мен байланысын;
- басқарудың экономикалық көрсеткіштерін қайта құруды;
- мемлекеттік саясаттағы экономикалық механизмді пайдалана білуді;
- экономикалық саясаттағы жеке меншіктің мәні.

Пререквизиттер: Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, Мемлекет және құқық теориясы

Постреквизиттер: Кәсіпкерлік құқық, Халықаралық дербес құқығы

Оқытушы: магистр Мырзахметова Ж.Ж.

2.3. Пән атауы: Экономикалық ілімдер тарихы (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: студенттердің экономика ілімінің тарихы бойынша ғылыми көзқарастың қалыптастыру, экономикалық категориялар мен заңдарды тарих тұрғысынан ұғыну, экономикалық процестерді тарихи зерттеу әдістемесін меңгеруді үйрету; студенттердің болашақ өзінің теориялық фундаментін қалыптастыру оларға қоғамдық өндірістің тарихи өсу заңдылықтарын түсіндіру; студенттерге экономикалық заңдарды және экономикалық даму заңдылықтарын тарихи игеруді үйрету және кәсібиіс-әрекет процесіндегі оларды тарату жолдарын табу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экономикалық ілімдер тарихының пәні және әдісі. Ежелгі дүние мен ортағасырдың экономикалық ілімдері. Экономикалық ілімдер тарихының пәні. Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жаздайлар. Шығыс және көне дәуірдегі экономикалық ой-пікірлер. Орта ғасырдағы экономикалық ілімдер. Мануфактура кезеңінен кейінгі дәуірдегі смитшіл классиктердің еңбектеріндегі өзін-өзі реттейтін экономика. С.Сисмонди мен П. Прудон - мануфактурадан кейінгі кезеңнің алғашқы сыншылары. К.Маркстің экономикалық теориясы.

Күтілетін нәтижелер: Курсты оқыту қортындысында студент төмендегіні білу қажет:

- экономика ілімі тарихы пәнінің оның әркездегі экономикалық проблемаларын және шешілу реттерін;
- экономикалық жүйелердің олардың элементтерінің өндіріс құралдарына және қортындыларына меншіктік ерекшеліктерін.
- экономикалық теория, экономикалық тарих және экономикалық ілім тарихтарын біріктіріп, экономикалық процестерді шешуде қолдануын;
- экономикалық тәжірибеде тарих негіздеріне сүйенуін.

Пререквизиттер: Қазақстан тарихы, Мемлекет және құқық теориясы

Постреквизиттер: Сақтандыру құқығы, Салық құқығы, Халықаралық дербес құқығы

Оқытушы: Ә.Ғ.К., аға оқытушы Мауленкулова Г.Е.

3.1. Пән атауы: «Саясаттану» (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: студенттерді саяси өмір саласындағы күрделі құбылыстар мен тенденцияларға өз бетінше талдау жасауға үйрету, саясат туралы қажетті білім беру, студенттердің санасында ұғымдық ақпаратты қалыптастыруға ықпал ету; ҚР-дағы

демократияландыру процесінің ерекшеліктері мен барысы жайында білімдерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Саясаттану пәні, оның пайда болуы, қалыптасуы, қоғамдағы орны. Саяси ғылымның даму тарихы және негізгі кезеңдері. Саяси билік. Билік ұғымы және ол туралы тұжырымдамалар. Демократия. Саяси жүйе. Саяси жүйе туралы ұғым. Саяси партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар. Білім алушыларды ҚР сонымен қатар алыс және жақын шет мемлекеттерде болып жатқан саяси процестерді ұғынуға және еркін бағалай алуға, олардың демократиялық саяси мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Күтілетін нәтижелері: 1. Танымдық құзіреттілікті қалыптастыру, ол үшін студент: оқу-әістемелік және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдеріне үйренуі керек; оқу процесінде инновациялық технологияларды қолданудың кәмегімен студенттердің өздігінен ізденуге деген дағдыларын, шығармашылық белсенділіктерін арттыру және олардың білімге, білуге деген ынтасы мен санасын қалыптастыру.

2. Жалпымәдени құзіреттілікті қалыптастыру, ол үшін студент: Саясаттану пәнінен сапалы білім алумен қатар саяси жағынан саналы тұлға ретінде қалыптасу үшін саяси мәселелерге байланысты өзінің көзқарасы мен айқын ұстанымын кәрсете алу деңгейіне жетуі; өз бойына демократиялық саяси мәдениет моделіне сай қасиеттерді сіңіре білуі; басқалардың пікірлері мен ұстанымдарына төзіммен қарау, яғни, толеранттық мәдениетті қалыптастыруы керек.

3. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру үшін студент: Саясаттану ғылымының зерттеу әдістерін, ғылыми қорытындыларын өз мамандығы бойынша курстық және диплом жұмыстарын орындауда, қорытынды емтихан кезінде пайдалана білуі; Ғылыми әдебиетке шолу жасау, аннотация, реферат, эссе, ғылыми баяндама жазу дағдысын жете меңгеру; Көпшілік алдында сөз сөйлеуде, пікірін ортаға салуда саяси ғылымның ұғымдары мен категорияларын қолдана білуі керек.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Дінтану, Мемлекет және құқық теориясы

Постреквизиттер: Мемлекеттік қызмет және басқару, Қылмыстық істер бойынша халықаралық ынтымақтастық, ҚР ақпараттық құқығы

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

3.2. Пән атауы: Мәдениеттану(2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Әлемдегі мәдени-тарихи үрдісі және оның негізгі заңдылықтарын көрсету.

Пәннің қысқаша мазмұны: адамзаттың мәдени тәжірибесін игеру, басты құбылыстар мен жетістіктерді талдау, олардың салыстырылуы және құндылық түсіну; мәдениеттің негізгі бағыттар мен тенденциялардағы оның қалыптасу және даму заңдылықтарын талдау; мәдениеттің тарихи және этноаймақтық ұлттық феномендерін зерттеу, олардың болмысының анықтауының толық ерекшелігін айқындау; әртүрлі мәдениеттанулық ілімдердің идеяларын, олардың ерекшеліктерін және түсініктерін талдау; қоғам мәдениетінің қазіргі заманғы реалийлері мен даму тенденцияларының сипаттамасы, болашақ контекстіндегі оның бағасы және болжамы; отандық мәдениет тарихын, оның қазіргі мәселелерін және даму болашағын зерделеу;

Күтілетін нәтижелері: мәдениеттің негізгі құндылықтарын игеру; сақтау және тарату әдістері туралы әртүрлі мәдениеттердің көптүрлілігі мен құндылығы туралы жөнінде түсініктері болуы; мәдениеттің формалары мен типтерін, олардың әрекет ету мен дамуын, негізгі мәдени-тарихи аймақтарды анықтауда; мәдениет феноменін, адам өміріндегі оның рөлін түсіндіруде икемді болуы; қазіргі қоғамның мәдени ортасынан бағдар ала білу; ұлттық және әлемдік мәдени мұраның сақталуы және артуы жөнінде қамқор бола білу бойынша практикалық машықтарды иемденуі қажет.

Пререквизит: Қазақстан тарихы, Мемлекет және құқық теориясы

Постреквизит: Заңгердің кәсіптік этикасы, Отбасы құқығы

Оқытушы: Сейдуалиева А.

3.3. Пән атауы: Өлкетану(2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Өлкетану- мазмұны мен жекелеген зерттеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін, бірақ, бір тақырыптық жиынтықты құрай отырып, өлкені ғылыми тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкіндік беретін бірнеше ғылыми пәндер кешені.

Пәннің қысқаша мазмұны: ОҚО тарихы. ОҚО мәдениет, әдебиет. Өлкенің тарих және мәдени ескерткіштерін өз бетімен ғылыми зерттеу тұрғысынан тану жұмыстары дағдыларын меңгеру гегорафиялық ортадағы орындарын белгілей білу, ауданның белгілі бір бөлігінің қоныстану тарихы туралы, сол аудан туралы түсініктерді меңгеру, жекелеген аудан немесе облысқа сипат ерекшеліктерді ажыратып, айқындай білу

Күтілетін нәтижелері: Білімі: өткен заманның мәдени мұраларын өлкетану жұмыстарын дамыту міндеттері және келешегі.

Дағдысы: Қазақстанда өлкетану жұмыстарының дамуы.

Біліктілігі: ОҚО тарихи және мәдени ескерткіштер.

Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизит: Саясаттану, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы

Оқытушы: Нақыпбекова А

Цикл атауы: Базалық пәндер циклы 49 - кредит (2205сағат)

4.1. Пән атауы: Шет елдердің конституциялық құқығы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Құқықтану мамандығы бойынша білім алатын студенттерге «Шет елдердің конституциялық құқығы» оқу курсының мәнділігі: Қазақстанның дүниежізінің әртүрлі елдерімен байланысуының артуы, елдердің саяси өтпелілік кезеңіндегі мұқтажы, адам мен мемлекеттің өзара жаңа қарым- қатынасын орнату, Қазақстан өмірінде қоғам мен мемлекеттің барлық жақтарының дамып және олардың конституциялық процессте бірдей көрініс табуы барысында шетелдердің конституциялық құрылыс тәжірибесін оқып, үйреніп және ескеріп отыру мақсатында енгізілген.

Пәннің қысқаша мазмұны: Шет елдердің конституциялық құқығының пәні, қайнар көздері және жүйесі. Шет елдердің Конституциялары. Шет елдердегі саяси партиялар мен сайлау жүйелері. Ұлыбританияның конституциялық құқығының негіздері. АҚШ конституциялық құқығының негіздері. Шет елдегі мемлекет басшысының және парламенттің құқықтық мәртебесі. Шет елдегі Үкімет және Жергілікті басқару органдары. Шет елдегі сот билігі.

Күтілетін нәтижелері: Шет елдердің конституциялық құқығының негізіне шет елдердегі мемлекеттік билік органдарының ұйымдастырылуы мен әрекет етуіне, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, олардың қамтамасыз ету кепілдіктеріне қатысты нормативтік актілерін, сонымен қатар ҚР конституциялық-құқықтық заңнамасын жетілдіру үшін аса қажет болатын өркениетті мемлекеттердің конституциялық-құқықтық даму тәжірибесін талдау жасай алады.

Пререквизит: Бұл курсқа қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «құқық негіздері» пәнінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизит: Халықаралық бұқаралық құқық, Халықаралық дербес құқығы

Оқытушы: Палванова М.З.

4.2. Пән атауы: Шет елдегі басқару нысандары (3 кредит, 135сағат)

Оқытудың мақсаты: Құқықтану мамандығы бойынша білім алатын студенттерге «Шет елдердің конституциялық құқығы» оқу курсының мәнділігі: Қазақстанның дүниежізінің әртүрлі елдерімен байланысуының артуы, елдердің саяси өтпелілік кезеңіндегі мұқтажы, адам

мен мемлекеттің өзара жаңа қарым- қатынасын орнату, Қазақстан өмірінде қоғам мен мемлекеттің барлық жақтарының дамып және олардың конституциялық процессте бірдей көрініс табуы барысында шетелдердің конституциялық құрылыс тәжірибесмін оқып, үйреніп және ескеріп отыру мақсатында енгізілген.

Пәннің қысқаша мазмұны: Шет елдердегі мемлекеттердің нысандарының сан түрлілігі, олардың себептері. Басқару нысандары.Монархия, түсінігі және мәні.Мемлекеттік құрылым нысандары.Унитарлық мемлекет түсінігі мен белгілері.Шет елдегі саяси режимдер, түсінігі, түрлері.Демократиялық режим.Авторитарлық режим түсінігі және түрлері.

Күтілетін нәтиже. Білу керек: шетелдердің мемлекет және құқық тарихының әдістері, мәселелері, бағыттарын білу; мемлекет пен құқықтың дамуының тарихи заңдылықтары мен ерекшеліктері; әртүрлі тарихи кезеңдердегі мемлекет пен құқықтың даму ерекшеліктерін түсіну. Қолдана білу керек: өзге заң ғылымдарын меңгеруде алған білімдерін практикада қолдана алуы; логикалық ойлау мен ғылыми дискуссия жасауы; әртүрлі құқықтық ақпараттармен жұмыс жасай білу. Дағдылар: шетелдердің мемлекет және құқық тарихындағы оқиғаларды білу; тарихи ақпараттарды талдау дағдысы; пікірталас жүргізе білу.

Пререквизит:Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Мемлекет және құқық теориясы.

Постреквизит: Халықаралық бұқаралық құқық, Халықаралық дербес құқығы

Оқытушы: Цой В.А.

4.3 Пән атауы: Халықаралық қатынастар теориясының негіздері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты:Ғаламдасу жағдайындағы қазіргі халықаралық қатынастарды саяси зерттеудің концептуалдық негіздері.

Пәннің қысқаша мазмұны:Қазіргі әлемнің геосаяси конфигурациясындағы өзгерістер және геосаяси үрдістер. Жаңа әлемдік тәртіп, оның баламасы, халықаралық, аймақтық, ұлттық қауіпсіздік. Ғаламдық мәселелердің саяси аспектілері.Халықаралық және мемлекет аралық қақтығыстар.

Күтілетін нәтижелері:Білімі: ғаламдық қауіпсіздік аймағындағы процестер мен құбылысын анықтау. Дағдысы:шетелдік және отандық ғаламдық қауіпсіздіктің негізгі бағыттарын зерттеу. Біліктілігі:халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер қызметін анықтау.

Пререквизиттер: Тіршілік қауіпсіздік негіздері, Философия

Постреквизиттер: Халықаралық жария құқығы, Халықаралық дербес құқығы

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

5.1. Пән атауы: ҚР мемлекет және құқық тарихы (3 кредит, 135сағат)

Оқытудың мақсаты: Студент бұл пәнде ҚР мемлекеті мен құқық тарихы жөнінде тұтастай түсінік қалыптастырып, Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың эволюциясының жалпы және ерекше заңдылықтарын ашып, республикамыздың саяси-құқықтық өмірімен танысады.

Пәннің қысқаша мазмұны:ҚР мемлекет және құқық тарихы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін республика аумағында өмір сүрген мемлекеттік бірлестіктер мен құқықтық жүйелердің типтері мен нысандарының әр алуан қырлары ашып көрсетіледі: протоқазақтардың мемлекеттері мен құқықтық жүйелері,Қазақ Ордасының қалыптасуы мен қызмет етуі,оның Ресей империясының отарлауы тұсындағы құлдырауы,ұлттық қазақ мемлекетінің кеңестік нысандары,Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде орнығуы мен даму мәселері сөз болды.Пәнде республикамыздың мемлекеттік-құқықтық өмірінің тарихының негізгі түсініктері мен категориялары сараланады.

Күтілетін нәтижелері: Білу керек: мемлекет пен құқық сияқты маңызды құбылыстардың ғылыми ұғымдарын білу; мемлекет пен құқықтың дамындағы негізгі факторларды және олардың мәдениет, экономика, саясат, идеологиямен байланыстарын білу; студенттерде ерекше заңи ойлауды қалыптастыру; саяси құқықтық ілімдер тарихы, мемлекет және құқық теориясын меңгере алудың мүмкіндіктері; қазақтардың әдеттік құқықтары; неке

отбасы қатынастары; Жеті жарғы заңдары. Қолдана білу керек: Әртүрлі тарихи кезеңдердегі құбылыстар мен процесстерді ғылыми көзқарастарын қалыптастыру; құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғамның құндылықтарының теориялық мәліметтерін білу.

Пререквизит: Бұл курсқа қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «құқық негіздері» пәнінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизит: Қ.Р.Конституциялық құқық, Шет елдердің конституциялық құқығы, Рим құқығы.

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

5.2. Пән атауы: Қазақстан аумағындағы мемлекеттік бірлестіктердің құқық тарихы (3 кредит, 135сағат)

Оқытудың мақсаты: Пәннің мазмұны мен негізін, әдістерін, қарастырады. Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуының тарихын көрсетеді. Студенттердің тарихи құқықтық танымдарын қалыптастырады, құқық пен мемлекеттің дамуының негізгі этаптары бойынша білімдерін жүйелейді, тарихи құқықтық мәліметтерді жинақтайды, талдайды, дағдысын қалыптастырады

Пәннің қысқаша мазмұны: Алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, феодалдық қауымға дейін ерекше басқару органдарының пайда болуы. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттердің сипаттамасы.

Күтілетін нәтижелері: Білімі: студент мемлекеттік және заң кәсіпорындарының күрделі жүйесінің дамуының тарихи процесстерін білуі тиіс. Дағдысы: Тарихи дамудағы мемлекет пен құқық жүйесінің қалыптасумен байланысты фактілерді түсінуі қажет. Біліктілігі: болған оқиғалар арқылы басқа мемлекеттермен саластыра отырып өзара байланысын анықтау.

Пререквизит: Бұл курсқа қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «құқық негіздері» пәнінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизит: Қ.Р Конституциялық құқық, Шет елдердің конституциялық құқығы, Рим құқығы.

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

5.3. Пән атауы: Қазақ құқығының сипаттамасы және ерекшеліктері (3 кредит, 135сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қалыптасуы мен дамуының тарихы жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың қалыптасу процесстерінің тарихы бағыттары, болған оқиғалар арқылы басқа мемлекеттермен саластыра отырып өзара байланысын анықтау. Мемлекет территориясындағы мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуы, қалыптасуын қарастырады. Бұл ғылымның пікірлері мен негіздері Қазақстанның мемлекеттік құқықтық өміріндегі нақты оқиғалар мен фактілерге негізделеді.

Күтілетін нәтижелері: Білімі: студент мемлекеттік және заң кәсіпорындарының күрделі жүйесінің дамуының тарихи процесстерін білуі тиіс. Дағдысы: Тарихи дамудағы мемлекет пен құқық жүйесінің қалыптасумен байланысты фактілерді түсінуі қажет. Біліктілігі: болған оқиғалар арқылы басқа мемлекеттермен саластыра отырып өзара байланысын анықтау.

Пререквизит: Бұл курсқа қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «құқық негіздері» пәнінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизит: Қ.Р Конституциялық құқық, Шет елдердің конституциялық құқығы, Рим құқығы.

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

6.1. Пән атауы: Шет елдерінің мемлекет және құқық тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: студенттерде әлемдік өркениеттің дамуында тарихи құқықтық танымын қалыптастыру; шетелдердің мемлекет және құқығының пайда болуы мен

қалыптасуының танымы мен білімдерін жүйелейді; тарихи құқықтық ақпараттарды жинақтау мен алудың, талдаудың дағдысын қалыптастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ежелгі Мысырдың мемлекеті мен құқығының пайда болуы және дамуы. Ежелгі Үндінің мемлекеті мен құқығының пайда болуы және дамуы. Ежелгі Қытайдың мемлекеті мен құқығының пайда болуы және дамуы. Ежелгі Грецияның мемлекеті мен құқығының пайда болуы және дамуы. Ежелгі Римнің мемлекеті мен құқығының пайда болуы және дамуы. Ортағасырдың мемлекеті мен құқығының тарихы және оның дамуы. Европа елдердің феодалды мемлекет және құқық тарихы және оның дамуы. Шығыс елдердің феодалды мемлекет және құқық тарихы және оның дамуы. Ұлыбритания және АҚШ мемлекеті мен құқығының тарихы және оның дамуы.

Күтілетін нәтижелері: Білу керек: шетелдердің мемлекет және құқық тарихының әдістері, мәселелері, бағыттарын білу; мемлекет пен құқықтың дамуының тарихи заңдылықтары мен ерекшеліктері; әртүрлі тарихи кезеңдердегі мемлекет пен құқықтың даму ерекшеліктерін түсіну. Қолдана білу керек: өзге заң ғылымдарын меңгеруде алған білімдерін практикада қолдана алуы; логикалық ойлау мен ғылыми дискуссия жасауы; әртүрлі құқықтық ақпараттармен жұмыс жасай білу. Дағдылар: шетелдердің мемлекет және құқық тарихындағы оқиғаларды білу; тарихи ақпараттарды талдау дағдысы; пікірталас жүргізе білу.

Пререквизит: Бұл курсқа қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «құқық негіздері» пәнінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизит: Халықаралық жария құқығы, ҚР азаматтық құқығы, ҚР қылмыстық құқығы

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

6.2. Пән атауы: Мұсылман құқығы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: мұсылман құқығы саласындағы құқықтық сипаттағы жеке қатынастарды зерттеу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Мұсылман құқығы пәнінің мақсаты – студенттерге мұсылман құқығы арқылы студенттерге мұсылман құқық саласының дамуы мен қалыптасуын олардың басқы құқық салаларынан ерекшелігін оқытады. Сонымен бірге мұсылман құқықтың ерекшеліктерін, халықаралық құқықтың байланыстарын оқытады.

Күтілетін нәтижелері: Студент аталған пәнді оқып, үйренген соң мұсылман құқығының нормаларын талқылап, қолдануға дағдылану керек.

Сонымен қатар студент мұсылман құқығы институттының даму тарихы мен перспективаларына талдау жасай отырып:

- мұсылман құқығына, құрылымына, салыстырмалы түрде талдау жасай білуі тиіс.
- мұсылман құқықтық институттарына арнайы құқықтық талдау жасай білуі тиіс.
- екі немесе оданда діндерді мұсылман құқығы елдерінің құқық жүйелеріне жекелей талдау жасай білу керек.

Пререквизит: Бұл курсқа қатысушы студенттердің орта мектепте оқылатын «құқық негіздері», «Қазақстан тарихы» пәндерінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизит: ҚР Отбасы құқығы, Халықаралық бұхаралық құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

6.3. Пән атауы: Рим құқығы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Рим құқығы қазіргі кезде әртүрлі мемлекеттердің халықаралық құқығында, сауда және азаматтық құқықтарында қолданылатын және рим құқығының қайнар көзіне ие заң терминологиясы

Пәннің қысқаша мазмұны: Рим құқығы адамзаттың ғасырлық мәдени, саяси және заң құндылықтары. Ежелгі Рим құқығын оқу көптеген құқықтық құбылыстардың дамуы мен қарама-қайшылықтарының ұғымын түсінуге мүмкіндік береді. Ешқандай ғылыми жаңалық рим заңгерлерінің мұрағатына бет бұрмай мүмкін емес. Рим құқығы курсы зерттеп

студенттер құқық субъектілері, меншік құқығы, міндеттемелік құқық жөніндегі түсініктерге ие болады.

Күтілетін нәтижелері: Білімі: студент рим құқығының негізгі түсініктері мен анықтамаларын білуі. Дағдысы: құқық нормаларын азаматтық құқықтық қатынастарда қолдана білуі қажет. Біліктілігі: Рим құқығы курсы зерттеп студенттер құқық субъектілері, меншік құқығы, міндеттемелік құқық жөніндегі түсініктерге ие болады.

Пререквизиттер: Бұл курсқа қатысушы студенттердің орта мектепте оқылған «құқық негіздері», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен мағлұматы болуы тиіс.

Постреквизиттер: ҚР Азаматтық құқығы. ҚР Қылмыстық құқығы

Оқытушы: Палванова М.З.

7.1. Пән атауы: Саяси және құқықтық ілімдер тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Заңгерлерді дайындауда саяси және құқықтық ілімдер тарихын оқытып-үйрету танымдық, мәдени және тәрбиелік мәнге ие. Бұл саяси және құқықтық ойлар тарихының теориялық мұрасын меңгеруге көмектеседі, тарих пен қазіргі кезеңнің ара байланысын танып білуге үйретеді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихын зерттеуші тарихтағы мемлекет және құқық туралы идеялар мен пікірлердің көпжақтылығын жақсы түсінеді, өзіне басқаның көз қарасына деген құрметтеушілік қасиетті сіңіреді, сонымен қоса өз көзқарасын негіздеуге, соның ішінде теориялық мәселелер бойынша жақсы дәлелдеуге үйренеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ежелгі Шығыс елдеріндегі саяси және құқықтық ілімдер, Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер, АҚШ тәуелсіздік үшін күрес кезеңіндегі саяси және құқықтық ілімдер, ХХ ғ. жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі және Қытайдағы Үндідегі ұлт-азаттық қозғалыстарының саяси және құқықтық идеялары. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы теория мен доктриналарды, саяси және құқықтық ойлардың негізгі бағыттарын, мемлекет және құқық теориясы мен философиясы сферасындағы атақты ойшылдар мен ғалымдардың ілімдерін, мемлекет және құқықтың жалпы мәселелері бойынша әлемдік ойлар тарихында қомақты үлес қалдырған көрнекті теориялық шығармаларды, сонымен қоса Қазақстан тарихындағы саяси және құқықтық ойлар ірі өкілдерінің ілімдерін зерттейді.

Күтілетін нәтижелері: Саяси және құқықтық ілімдер тарихы патриотизмге және әлемдік еркениет жетістіктеріне деген, жалпы адамзаттық құндылықтарға деген құрметтеушілікке тәрбиелеуге ықпалын тигізеді және саяси және құқықтық идеялар мен институттардың даму тенденциясында бағдар алуға көмектеседі. Саяси және құқықтық ілімдер тарихын оқып үйренген соң маман бұрынғы және қазіргі маңызды және кең таралған саяси және құқықтық доктриналардың мазмұнын білуге міндетті. Осы пәнді оқып үйренген кезде мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың экономикамен, идеологиямен, моральмен, дінмен ара байланысын және осы негізде туындайтын мемлекет және құқық проблемаларын түсінуге, студенттерде атақты ойшылдардың шығармаларын және олардың идеяларын білдіру.

Пререквизит: Мемлекет және құқық теориясы, Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы

Постреквизит: Халықаралық бұқаралық құқық,

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

7.2. Пән атауы: Қазақстан Республикасындағы кеден саясаты (3 кредит, 135 сағат)

Оқу мақсаты: бірінші кезекте ҚР Конституциясына, ҚР Кеден кодексіне, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, ҚР Салық кодексіне, сонымен қатар соған сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілерге және заңдарға негізделген жаңа заманғы қазақстандық кеден құқығын студенттермен оқуы.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің ғылыми-теориялық және құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасындағы кеден құқығының пәні, жүйесі және қайнар көздері. Кедендік құқықтық қатынастар мен нормалар. ҚР кеден

органдарының құқықтық мәртебесі – кедендік бақылауды жүзеге асырушы субъектілер. Кедендік бақылау ерекшеліктері – кедендік әкімшіліктендіру ерекшеліктері. Кедендік бақылауды жүзеге асырудың негізгі нысандары. Кедендік-тарифтік реттеудің және кедендік төлемдерді алудың құқықтық негіздері. Контрабанда және онымен күресудің тәсілдері. Кедендік ережелердің бұзылуы. ҚР кеден аумағындағы сараптамалар. Кеден ісі аумағындағы халықаралық-құқықтық қызметтестік.

Күтілетін нәтиже. Білу керек: кеден ісін ұйымдастырумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу қағидаларын, әдістерін және пәнін; кеден құқығының жүйесін; пән бойынша негізгі нормативтік материалды; кеден құқығы субъектілерінің құқықтық жағдайын білу. Жеке құқық пәндерін оқытуға қажетті ҚР кеден құқығы туралы ғылым сатыларын және негізгі ұғымын білу. Қолдана білу керек: құқық қайнар көздерінде керекті нормаларды табу, ауқымды заңи базасын білу; тәжірибе жүзінде кеден ісін жүзеге асыру мен ұйымдастыру бойынша туындайтын проблемалық мәселелерге құқықтық баға беру; пән бойынша әртүрлі құқықтық құжаттарды құрастыру және толтыру; кеден құқығының негізгі ерекшеліктері туралы, біздің еліміздегі кеден құқығының тарихы туралы білу; нормативтік және нормативтік емес құқықтық құжаттарды талдау дағдыларын білу. Теориялық-құқықтық және заңи білімдерді қоғамдық және экономикалық мәселелермен байланыстыру; өзінің ойын жеткізу үшін заңи терминологияны қолдана білу, ерікті ойлау; өз бетінше құқықтық мәліметтерді табу дағдыларын үйрену және оны қолдана білу. Дағдылар: Қазіргі уақытта халықаралық, әкімшілік, азаматтық құқықта қолданылатын кеден құқығы институттарын және негіздерін білу.

Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы

Постреквизит: Мемлекеттік қызмет және басқару, Сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу, ҚР корпоративтік құқығы, Жедел-ізвестіру қызметі, Сот сараптамасы.

Оқытушы: Жаналиева А.

7.3. Пән атауы: Құқықтық ілімдер тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты:

- Аталмыш пәннің басқа да құқық салаларымен байланысын түсіну;
- Студенттердің жалпы дүниетанымдық және теориялық-әдістемелік өрістерін дамыту;
- Саяси және құқықтық ілімдер тарихы мен студенттерді таныстыру;
- Саяси және құқықтық ілімдер тарихы қалыптасуы мәдени, тәртіптік заңгерлерді даярлағанда көп ықпал етеді. Ойшылдардың мұрасын дұрыс бағытта қолдануға мүмкіндік береді. Саяси және құқықтық ілімдер тарихын оқытындар сол кездегі ойшылдардың ойларын, олардың көз қарасытарын, өмірлік ұстанымдарын, өз позицияларын ұстануларын, дәлелдей білулерімен қатар саяси және құқықтық институттардың ойларының тенденцияларына дағдылануға көмектесетінін жақсы біледі.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ежелгі Шығыс елдеріндегі құқықтық ілімдер, Ежелгі Римдегі саяси және құқықтық ілімдер, АҚШ тәуелсіздік үшін күрес кезеңіндегі құқықтық ілімдер, ХХ ғ. жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі және Қытайдағы Үндідегі ұлт-азаттық қозғалыстарының саяси және құқықтық идеялары. Құқықтық ілімдер тарихы теория мен доктриналарды, құқықтық ойлардың негізгі бағыттарын, мемлекет және құқық теориясы мен философиясы сферасындағы атақты ойшылдар мен ғалымдардың ілімдерін, мемлекет және құқықтың жалпы мәселелері бойынша әлемдік ойлар тарихында қомақты үлес қалдырған көрнекті теориялық шығармаларды, сонымен қоса Қазақстан тарихындағы саяси және құқықтық ойлар ірі өкілдерінің ілімдерін зерттейді.

Күтілетін нәтижелері:

білуі керек:

- Саяси құқықтық доктриналардың мазмұнын білу керек; - Саяси құқықтық ойлардың даму кезеңдерін;
- Саяси құқықтық ойлардың негізгі анықтамаларын;

- Саяси және құқық ілімдер тарихы жайлы негізгі түсініктерін;

жасай алуы керек:

- Саяси және құқықтық ілімдерді ұқсастыру;

- Олардың жалпы және ерекше доктриналарын бөліп қарастыру;

- Нақты ілімге баға беру.

тәжірибелік дағдыларға ие болуы керек:

- ғылыми жұмыс дағдыларына;

- елде, әлемде болып жатқан тарихи-саяси ойланды бағалау және талдау;

- болашақ жұмысында берілген білім және машықтарды қолдануы

компетентті болу:

-Саяси және құқықтық ілімдер тарихы, адамның және азаматтық құқықтары және бостандықтарына, замани өркениетке сай саяси ойланды оқиғаларының ерекшеліктеріне, саяси мәдениеттің негізгі белгілерін.

Пререквизит:Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы

Постреквизиттер:Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

8.1. Пән атауы: Кәсіпкерлік құқық(3 кредит-135)

Оқытудың мақсаты: студенттерді шаруашылық қызметте қолданылатын негізгі шарт түрлерін пайдалануға үйрету, басқару органдарының шаруашылық жүргізуші субъектілермен қатынас кезіндегі құзыреттілігімен таныстыру, аталған сала бойынша нормативтік актлермен және олардың тәжірибелік қызметте қолданылуымен таныстыру болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттама: қазақстандық кәсіпкерлік құқықтың табиғатын, оның ҚР құқықтық жүйесінде алатын орынын сипаттайтын, кәсіпкерлік қатынастардың құқықтық табиғатын қарастыратын, сондай-ақ кәсіпкерлік құқықтың негізгі ұғымдарын («кәсіпкерлік қызмет», «заңды тұлға», «жеке кәсіпкер»), сондай-ақ кәсіпкерлік құқықтың кәсіпкерлік субъектілерін құру, қайта құру және жою, шаруашылық жүргізуші субъектілердің әрекетсіздігі (банкроттық), қызметтің кейбір түрлерін лицензиялау, ҚР аудиторлық, бағалаушы, жарнамалық қызметті құқықтық реттеу, кәсіпкерлік шарттар және т.б. сияқты ұғымдар кіреді.

Күтілетін нәтижелері:Білімі: Негізгі теориялық ережелермен, сондай- ақ заңнамалардағы кәсіпкерлік құқық мәселелерімен танысу және игеру. Қазақстанда қазіргі замандағы нарықтық қатынастардың дамуындағы кәсіпкерлік пен құқықтың рөлі. Нормативтік-құқықтық актлермен жұмыс дағдылары. Қазақстанның күрделі және көлемде заңнамаларынан, оның ішінде кәсіпкерлік саласы бойынша халқаралық актлерден бағдар ала білу, осы нормаларды өзінің болашақ тәжірибелік қызметінде пайдалана білуі. Студенттердің нормативтік- құқықтық актлермен жұмыс дағдысын дамыту. Проблемалық мәселелерді талқылау, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге және т.б. ғылыми мақалалар, баяндамалар дайындау.

Пререквизит:Экономикалық теория, Құқық негіздері, Мемлекет және құқық теориясы

Постреквизит: Халықаралық дербес құқығы, Нотариат, Шарттық құқық

Оқытушы: з.ғ.к. Жаналиева А.Ж.

8.2.Пән атауы: Қазақстан Республикасының отбасы құқығы(3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: студенттерге қазіргі кезеңдегі отбасы құқығын түсіндіру. Сондай – ақ пәннің негізгі тапсырмаларына ерлі – зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін, ата – ананың, баланың, қамқоршы және жетім балалардың құқықтық тәртіптерін және некені бұзу, оның жарамсыздығын мойындау, қамқоршылық етудің тәртібін, ата-ана құқығынан айыруды және қамқорсыз қалған балаларды орналастыруды қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Отбасы құқығы - неке-отбасы қатынастар саласында мүліктік және мүліктік емес қатынастарды реттеуге бағытталған құқық саласы. Азаамттық құқықта отбасы құқығының жеке құқық саласы ретінде қарастырылуы әлі де даулы. Отбасы-құқықтық әдіс императивті-ерікті болып табылады. Отбасы құқығының негізгі қағидалары: бір неке; Неке одағының еріктілігі.

Күтілетін нәтижелері: Студенттерді өткен сабақтарда қарастырған сұрақтарын ғана меңгертуге емес, сондай – ақ алған білімдерін қажетті тапсырмаларды (есептерді) шешімін таба отырып, тәжірибеде қолдануға, отбасы – неке заңнамасына сәйкес құқық бұзушылықты нақты әрі тез әрекет ету және заң талаптарын сақтай отырып жоюға **дағдыландыру**. Сонымен қатар студенттерге арнайы әдебиеттерді қолдану жолдарын көрсету және ғалымдардың ұстанымдарын талқылауға, ойларын еркін жеткізуге, салыстырмалы сараптама жасауға үйрету. Отбасы құқықтық қатынастарының жіктелу мәселелерін, отбасы құқығындағы жауапкершілік, сондай – ақ отбасы құқығына қатысты дәлелдер және әрекет қабілеттілігі қарастырылады. Қолданыстағы отбасы – неке заңнамасының сараптамасы бойынша дағдыландыру. Білімділік: нормативтік база негізінде білу. Шеберлік: заңнамамен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен жұмыс жасау.

Пререквизит: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР конституциялық құқық, ҚР азаматтық құқығы

Постреквизит: ҚР келісім-шарт құқығы, ҚР салық құқығы, Заңдардың атқарылуына прокурорлық қадағалау

Оқытушы: құқық магистрі Абдрахманова М.

8.3 .Пән атауы: Лизингті құқықтық реттеу (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Пәннің негізгі мақсаты болып лизинг – қатынастардың ұйымдық-экономикалық түрлерінен тұратын кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі ретінде қолданыстағы заңдылықты оқып үйрену.

Пәннің қысқаша мазмұны: Лизингті құқықтық реттеу – азаматтық құқық құрамындағы оқу пәндерінің бірі, оның мәні ғылыми-техникалық прогресті жетілдірудегі мәміленің осы түрінің маңызды ролі атқаратындығымен анықталады. Мемлекет тарапымен ұлттық экономиканы дамыту мақсатындағы лизингтік қатынастарды дамыту көтермелеп отырады. Лизинг барысында қалыптасатын қатынастардың күрделілігі оның пайда болуы мен мәнін анықтайды. Сонымен, лизинг – қатынастардың ұйымдық-экономикалық түрлерінен тұратын кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі. Күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде, ол көпқұрылысты экономиканы қалыптастыру жөніндегі маңызды, яғни қаржылық, өндірістік, салықтық және амортизациялық жеңілдіктерді қолдану функцияларын қамтиды.

Күтілетін нәтижелері: «Лизингті құқықтық реттеу» пәнінің оқытылуы болашақта өтілетін әр түрлі пәндерді оқыту әдістемесіне қатысты курстарды терең түсініп, шығармашылық тұрғыдан қарауға жетелейді.

Пререквизит: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР конституциялық құқық, ҚР азаматтық құқығы

Постреквизит: Салық құқығы, Инвестициялық құқық

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

9.1. Пән атауы: Нотариат (3 кредит-135сағат)

Оқу мақсаты: нотариалдық әрекеттерді жүзеге асыру арқылы заңды және жеке тұлғалардың құқықты растау, шартқа қатысушы жеке тұлғалардың әрекет қабілеттілігі мен заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігін анықтауға бағытталған бекітілген құқықтары мен заңды мүдделерімен танысу, бекітуші жазбалар, қол қою және куәліктер беру, құжат көшірмесінің растығын куәландырып, растау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Нотариат ұғымы көп мағына береді және бір мезетте біріншіден, заңға сәйкес нотариалдық әрекеттер жасау құқығы берілген органдар мен

лауазымды тұлғалар жүйесін, екіншіден, нормалары арқылы нотариалдық қызмет реттелетін заң саласын, үшіншіден, нотариалдық өндіріс және нотариалдық салада оған қатысушылардың қызметі мәселелерімен танысу болып табылатын пәнді білдіреді.

Оқытудың мақсаты: соттық дәлелдемелер теориясы ғылымның теориялық ережелерін оқыту, алған теориялық білімдерді тәжірибеде қолдануға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: оның жинақталған, тұтас, ішкі байланысты пәнінің бейнесі ретінде сипатталады, яғни дәлелдеу процесі. Осы бейнелеудің құралдары ретінде процесс элементтері және тұтастай алғанда процестің өзі сипатталатын және түсіндірілетін ұғымдар мен бейнелер жатады. Сот дәлелдемелері теориясының пәніне сәйкес оның мазмұнына дәлелдеу процесін, жеке институттарын, сондай-ақ дәлелдеу практикасына жататын құбылыстарды реттейтін нормаларды сипаттау кіреді. Бірақ сот дәлелдемелері теориясы фактілерді сипаттаумен ғана шектелмейді, ол «ішкі тәртібін», олардың өзара байланысын мәнін анықтайды.

Күтілетін нәтижелері: *Білу:* Жеке қылмыскерлердің нәліктен қылмыс жасау себептерін айқындау. Негізінен қандай азаматтар қылмыс жасайды сол қылмыс жасауға не себепкер болды немесе ненің салдарынан қылмыс жасады деген сұрақтарға жауапты толық қарастыру. Криминологияның зерттеу объектісі болып табылатын қылмыскер, қылмыстылық, қылмыскердің жеке басы туралы жалпымәселелерді қамтитын ережелерді білуі керек. Қылмыстылықпен күрес жолдарын тиімді ұйымдастыра білуді *үйренуі қажет.* Алған теориялық білімденін болашақ мамандықтарын атқару барысында практикамен ұштастыра білулері керек. Жүйекүрушы, коммуникативті, арнайы *құзыреттіліктер.*

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР қылмыстық құқығы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

27.2. Пән атауы:Сот медицинасы және сот психиатриясы негіздері (3 кредит-135 сағат)

Оқытудың мақсаты: студенттің ҚР қылмыстық құқығы, ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығы және криминалистика пәндерін оқу кезінде бұрын алған білімдерін тәжірибеде бекіту болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: сот әділдігі органдары мен денсаулық сақтау саласы органдары қоятын талаптардың күшеюі медициналық жоғары оқу орындарында сот медицинасы пәнін оқыту деңгейін арттыра түсуді қажет етіп отыр. Ұсынылып отырған

бағдарлама еліміздегі сот медицинасы жөніндегі жоғары оқу орындарында қойылатын талаптарға сәйкес және мұнда сот медицинасы мен оған тектес салалардың ең жаңа жетістіктері, соның ішінде жол қатынасында жарақаттану, өндірістік жарақат пен еңбек қабілетін жоғалтуға сараптама жүргізу, ішімдіктен, пестицидтен улану, деонтология және медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі т.б. бірқатар маңызды бөлімдер қамтылған.

Сот медицинасы мен басқа да медициналық пәнде тергеу және сот тәжірибесінде іс жүзінде қолдану, сот сараптамасының мазмұнын көрсету. Бағдарламада әрбір студентке сот медицинасының теориясы мен іс, тәжірибесін білуі қажет болатын негізгі қағидаларды баяндап, материалдарды жүйелі түрде беріп, жаңаша топтауға ерекше назар аударылды.

Күтілетін нәтижелері: *студент білуі тиіс:*

- Қазақстан Республикасындағы процессуалдық ережелер мен сот, медициналық қызметтің ұйымдастырылу құрылымын;

- Сот, медициналық сараптама объектілері мен әдістерін;

- Тірі адамдарға сот, медициналық сараптау жүргізу себептерін, әдістемесін;

- Мәйіттерге сот, медициналық сараптау жүргізу себептерін, әдістемесін;

- Биологиялық текті айғақ заттарға сот, медициналық сараптау жүргізу себептерін, әдістемесін;

- Іс материалдары бойынша сот, медициналық сараптау жүргізу себептерін, әдістемесін;

- Мәйіт табылған жерде (оқиға болған жерде) қарау кезінде дәрігер, маманның рөлі мен міндеттерін;

- Қазақстан Республикасында әрекет етуші заңдылықтар бойынша медицина қызметкерлерінің құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін;

- Медицина қызметкерлерін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартқан жағдайда сот, медициналық сараптама жүргізуді ұйымдастыру және тәртібін.

студент жасай білуі тиіс:

- Мәйітті табылған жерінде қарау кезінде тергеушіге немесе тергеу жүргізуші адамға білікті көмек көрсету: биологиялық өлім туындау фактісін констатациялау, мәйіт позасын жай, күйін, мәйітті сыртқы зерттеу мәліметтерін дұрыс сипаттау, зорлықпен туындаған өлім белгілерін дәлелдеу немесе жоққа шығару, өлім туындаған мерзімін белгілеу, биологиялық текті айғақ заттарды алу және орау кезінде көмек көрсету;

- Зорлықтан және зорлықсыз туындаған өлім түрлерінде мәйітке сот, медициналық сараптама жүргізу, “Сарапшы қорытындысын” жазу, “Өлім жөнінде дәрігерлік куәлікті” дұрыс толтыру.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР қылмыстық құқығы, Қазақстан Республикасында сот және сот төрелігі

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

27.3. Пән атауы: Дәлелдемелерді жинау негіздері (3 кредит-135 сағат)

Оқытудың мақсаты: қылмыстық іс жүргізу барысында дәлелдемелердің қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтылығы бойынша бағалау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дәлелдемелерді жинау сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауы процесінде дәлелдемелерді табу, бекіту және алып қоюды білдіреді. Нақты деректер процесілік әрекеттердің хаттамаларында тіркелгеннен кейін ғана дәлелдеме ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Күтілетін нәтижелері: *Білімі:* Студент қылмыстық сот ісін жүргізу барысында дәлелдемелердің түсінігін, түрлерін, жіктелуін білу.

Дағдысы: ҚР ҚІЖ нормаларын қолдану.

Біліктілігі: дәлелдеуді қажет ететін мән-жайларды білу, дәлелсіз анықталатын мән-жайлар; дәлелдеу шегі мен затын білу.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР қылмыстық құқығы, Қазақстан Республикасында сот және сот төрелігі

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

1-траектория бойынша өтілетін пәндер 9 кредит (405 сағат)

28.1. Пән атауы: **Адвокатура (3 кредит-135сағат)**

Оқытудың мақсаты: Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызметтің түсінігін және негізгі белгілерін, адвокатура ғылымын, адвокатура туралы ғылымның дамуын және қалыптасу тарихын, адвокатура және адвокаттық қызмет проблемаларын зерттеуді оқытады. Адвокатура негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады. Білікті заңгер адвокатура туралы ғылымның мақсатын, пәнін және тәсілдерін құқықтық реттейтін білімге ие болуы қажет.

Пәннің қысқаша мазмұны: практикалық іс-тәжірибесінде заңгер адвокаттық этиканың мазмұнын, шындық, ақылдылық, адалдық, ақиқаттылық, адвокаттың қарым-қатынасының мінез-құлық этикалық ережесін, адвокаттық қауымдастықтың ішіндегі қарым-қатынастардың құрылымының этикалық ережесін, адвокаттың мемлекеттік, құқық қорғау органдарымен қатынасқа түскендігі, мінез-құлқының этикалық ережесін меңгеру қажет.

Күтілетін нәтижелері: *Білімі:* адвокатура негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады.

Дағдысы: Білікті заңгер адвокатура туралы ғылымның мақсатын, пәнін және тәсілдерін құқықтық реттейтін білімге ие болуы қажет.

Біліктілігі: практикалық іс-тәжірибесінде заңгер адвокаттық этиканың мазмұнын, шындық, ақылдылық, адалдық, ақиқаттылық, адвокаттың қарым-қатынасының мінез-құлық этикалық ережесін.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

28.2. Пән атауы: **Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау (3 кредит-135сағат)**

Оқытудың мақсаты: Болашақ заңгер мамандары құқықтық жағдайларға талдау жасауға үйрету. Құқықтық салдар негіздері бойынша азаматтық құқық, қылмыстық құқық, әкімшілік құқық салалары сияқты кеңінен қолданылатын салаларда азаматтардың құқығы мен бостандығын анықтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Адам құқығы ұғымы, пәні және мазмұны. Саяси-құқықтық ойлау тарихындағы адам құқығы. Қазіргі замандағы адам құқығының құрлымы. Адам құқығын қорғаудағы механизмі. Қарулы дау- жанжалдан және төтенше жағдайдан азап шеккендерді халықаралық қорғау. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы. Адам құқығы-мәдени өркениетті әлемдік құбылысы. Адам құқығы және кейбір әлеуметтік ұйымның құқықтары. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі адам құқығының заңнамалары. БҰҰ шеңберіндегі адам құқығын қорғау жүйесі. Адам құқығы туралы халықаралық билль. Адам құқығын қорғаудағы Еуроплық жүйе. АҚШ және Халықаралық адам құқығы. Халықтардың және адам құқығын қорғаудағы. Африкалық жүйесі. Адам құқығы туралы заңнамалар.

Күтілетін нәтижелері:

білуі керек: Адамның құқықтық қабілеттігі; *меңгеруі керек:* Адам мен азаматтардың құқықтық кепілдігі туралы;

игеруі тиіс: Адам мүддесінің мемлекет мүддесінен басымдылығы туралы; қоғамдық қатынастарда құқықтық реттеуді жүргізу кезінде әрбір сала бойынша нақты заңнамаларды игеруі қажет болады;

құзыретті болуы тиіс: білім алушылар адам мен азаматтардың құқығын және бостандығын қорғау жөнінде ҚР Конституциясында және заңнамаларында көрсетілген талаптарын басшылыққа алулары керек екендігі; сот отырысында және құқыққорғау органдарында құқықтық мәселе бойынша шешім қабылдау кезінде заңдылықтың сақталуы негізгі талап болуын ұғынуы қажет болады.

Практикалық дағдыларды қалыптастыру: Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында халықаралық нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

28.3. Пән атауы: Қылмыстық құқықтың және қылмыстық сот өндірісінің дамуының ғылыми негіздері (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығының салааралық байланысының түрлі аспектілерін жан-жақты зерттеу, осы сала нормаларының қарама-қайшылығын анықтау, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларының нормаларын өз бетімен қолдану қабілеті мен дағдыларын жетілдіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: қылмыстық-құқықтық ғылымының пәнін, түсінігін, міндеттері мен жүйесін және методологиясын саралау және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартуды жүзеге асыру. Сонымен қатар магистранттар қылмыстық құқықтың маңызды жқптық категориясы қылмыс пен жазаны толығымен зерттеуі қажет. Соныдықтан қылмыстық құқықтың жалпы бөліміндегі қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс құрамы, жаза түрлері мен жүйесінің түсінігі, жаза тағайындау туралы институттарының теориялық мін-жайларын жан-жақты зерттеуі қажет. Қылмыстық заңнаманы дұрыс және жылдам қолдану үшін қылмыс құрамын Кодекстен тез тауып, оны дұрыс саралай білу қажет, және Қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінің конструкциясын жетік меңгеруі қажет.

Күтілетін нәтижелері:

Білу керек: құқық қорғау органдарының қызметін қылмыстық процессуалдық реттеу заңнамасын және өзге де құқықтық актілерін, құқық талқылау актілерін; өзге құқық қайнар көздерін талдау, оларды классификациялап, олардың арасындағы жүйелік байланысты табу; қылмыстық құқық пен қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысты негізгі теориялық ережелерді түсіну, өз білімін көрсетіп, тәжірибеде қолдана білу.

Істей алу керек: Процессуалдық жағдайды талдау және заңды дұрыс қолдану; қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығының құқықтар жүйесіндегі орны мен рөлін дұрыс түсінуін көрсету; қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығындағы өзекті мәселелерді таба білу және оларды шешудің дұрыс жолдарын табу; дұрыс процессуалдық шешім қабылдай білу және процессуалдық құжаттарды толтыру; зани қорытынды мен консультация беру; қылмыстық істер бойынша қылмыстық процессуалдық әдебиеттерді өз бетімен оқып, талда білу; процессуалдық әрекеттерді орындау кезінде қылмыстық іс жүргізу нормаларына бағыну, және дұрыс қолдану; қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығына

қатысты өз пікірін, дәйектемесін дәлелдей білу керек; түрлі құқықтық категорияның өзара байланысын түсіну үшін алған білімін қолдану; өз білімін құқық-шығармашылықта және ғылыми-зерттеу қызметінде қолдана білу.

Дағдылану: қылмыстық істер бойынша қызметті реттейтін заңнамалардың нормаларын жүйелік, құрылымдық, тарихи және әлеуметтік талдау және оларды тәжірибеде қолдану; теориядағы концепцияны талқылау кезінде негізділігін бағалай және талдай білу.

Құзыреттілігі: кәсіби (ғылыми-зерттеушілік).

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

29.1. Пән атауы: Жедел іздестіру қызметі теориясы (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: заң мамандығының студенттеріне төменгі курстарда оқып түйген базалық жалпы заң пәндерінен алған біліктіліктерінің шегінде осы аталған пән бойынша құқықтық және теориялық негіздер беру, жедел-іздестіру қызметінің мазмұнымен және принциптерімен, жедел-іздестіру қызметінің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау Оқу мақсатында, жалпы қоғамда, мемлекетте қылмыстық-құқықтық саясатта, қылмыстылықпен күресте алатын орнымен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: ҚР Конституциясында, ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінде, ҚР қылмыстық кодексінде және басқа да ҚР «Жедел- іздестіру қызметі туралы» Заңында және басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде бекітілген жедел-іздестіру қызметінің негіздерін оқыту болып табылады.

Күтілетін нәтижелері: *ұғынулары тиіс:* жедел-іздестіру қызметінің басқа заң ғылымдарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар қызметінің арасындағы алатын орны мен рөлін; жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезінде пайда болатын құқықтық қатынастарды; жедел-іздестіру қызметі нәтижелерінің қылмыстылықтың алдын алуда, қылмысты ашуда және қылмысты тергеуде қолданылуын.

Білулері қажет: жедел-іздестіру қызметінің түсінігін, міндеттерін, принциптерін; жедел-іздестіру қызметінің құқықтық негіздерін; жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарды; жедел-іздестіру шараларын, оны жүзеге асыру негіздері мен шарттарын; жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға азаматтардың жәрдемдесу мүмкіндіктерін; құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру қызметін, олардың белгілерін, міндеттерін және функцияларын; құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру шараларын жүзеге асырудың негіздері мен шарттарын; жедел-іздестіру қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мен құжаттандыруды.

Дағдылары болуы тиіс: ҚР «Жедел-іздестіру қызметі туралы» заңын, басқа да жедел-іздестіру қызметін реттеуге арналған нормативтік-құқықтық актілерін талдай білу; құқық қорғау органдарында кездесіп қалатын әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға көмегі тиетін қажет материалдар мен нормативтік-құқықтық актілерді таба білу дағдысы болуы тиіс; жедел есепке алудың ашылуын және жабылуы туралы заңды негіздерді өте жақсы білу; жедел есепке алу бойынша жиналған фактілік жағдайын бағалай білу дағдылары.

Құзыреттілік: жүйелілік, коммуникативтік, арнайы.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы, Заңгердің кәсіптік этикасы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

29.2. Пән атауы: Қылмыстық-құқықтық қызмет (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: Болашақ заңгер мамандары құқықтық жағдайларға талдау жасауға үйрету. Құқықтық салдар негіздері бойынша азаматтық құқық, қылмыстық құқық, әкімшілік құқықсалалары сияқты кеңінен қолданалатын салаларда азаматтардың құқығы мен бостандығынанықтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Қылмыстық-құқықтық қызмет» оқу бағдарламасын енгізу қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі, сонымен бірге мемлекеттің құқықтық жүйесіндегі, қылмыстық-құқықтық білімніңқоғамдық қатынастардың барлық аясында, соңғы жылдардағы қылмыстық-құқықтық пәндердің рөлі мен орнының күрделі өзгеруіне, елеулі түрде сұранысының жоғарлауына байланысты негізделген.

Күтілетін нәтижелері:Білуі керек:

- Қылмыстық-құқықтық қатынастар саласын реттейтін заңдарды;
- Құқыққорғау органдарының құрылымын және жүйесін;
- Сот органдарының құрылымын және жүйесін;
- Қылмыстық жазалардың түрлерін орындау шарттарын және тәртібін;

Қолынан келуі:

- Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңдарды практикада қолдануға;
- Қылмыстық-құқық саласындағы процессуалдық актілерді дұрыс құрастыруға;
- ҚР қолданыстағы қылмыстық заңдарды дұрыс түсінуге және түсіндіруге;
- Қылмыс құрамын дұрыс саралауға;

Меңгеру:

- Қылмысты тергеудің тактикасы мен әдістемесін;
- Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық терминологияларды;
- Жедел жұмыс машықтарын.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасыныңқылмыстық құқық, Қазақстан Республикасыныңқылмыстық іс жүргізу құқығы, Заңгердің кәсіптік этикасы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

29.3. Пән атауы: Тергеу және анықтау органдары (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгіөндіріс саласында қоғамның және мемлекеттің мүддесін, конституциялыққұқықтарын қамтамасыз ету мақсатындақылмыстық-іс жүргізу заңдарын тиімдіқолдану үшін қажетті теориялық білімдерді, практикалық икемділікті және дағдылардымеңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Анықтау және тергеу органдарының түсінігі, болмысы және құзыреті, олар қызметініңнегізгі бағыттары, құқықтық жағдайы, ұйымдастыру құрылысы, құрамы, құрылымы, міндеттері, қызметі. Анықтау және тергеуоргандарының қызметін реттейтіннормативтік-құқықтық база.

Күтілетін нәтижелері:білуі керек: тергеу және анықтауоргандарының құқықтық мәртебесін, процессуалдық әрекеттерді жүргізу жәнебекіту әдістерін, сотқа дейінгі өндірістешешімдер шығару тәртібін және негіздерін;

меңгеруі керек: кәсіби қызметтің тиістісаласында қылмыстық-іс жүргізу нормаларынжүзеге асыру үшін маңызы бар нормативтікжәне деректік ақпарат жинауды жүзеге; қылмыстық істі қозғаумен, тергеуменбайланысты құқықтық қатынастарды жәнеқылмыстық-іс жүргізу заңнамаларынталдауға, қылмыстық істер бойынша тергеу практикасын талдауға, қылмыстық сот ісінжүргізуді реттейтін заңнамалар нормасынпрактикада пайдалануға; алған теориялықбілімдерін қылмыстық-іс жүргізу құжаттарынтолтырғанда, процессуалдық әрекеттержүргізгенде және бекіткенде пайдалануға;

игеруі тиіс: қылмыстық, қылмыстық –ісжүргізу облысындағы терминдерді түсіну.

Қылмыстық-іс жүргізу құжаттарын толтыру; процессуалдық әрекеттерді жүргізу және

бекіту; құқықтық сұрақтар бойынша шешімшіғару; сотқа дейінгі қылмыстық өндіріссаласында салыстырмалы құқықтанудағдыларын;

құзыретті болуы тиіс: Занды маңыздыфактілерді және жағдайларды анықтай білу, фактілер мен жағдайларды дұрыс саралайбілу; процеске қатысушылардың қауіпсіздігімен заңдылығын қамтамасыз ету бойыншақылмыстық істерді тергеу міндеттерінорындауға дайын болу қылмысты дұрыстергеу, алдын алып анықтай білу;процессуалды құжаттар мен актілерделогикалық және дәлелдік фактілердіңқорытындыларын толық, дұрыс көрсету.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасыныңқылмыстық құқық, Қазақстан Республикасыныңқылмыстық іс жүргізу құқығы, Заңгердің кәсіптік этикасы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

30.1. Пән атауы: Қазақстан Республикасында прокурорлық қадағалау (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: заң мамандығының студенттеріне төменгі курстарда оқып түйген базалық жалпы заң пәндерінен алған біліктіліктерінің шегінде осы аталған пән бойынша құқықтық және теориялық негіздер беру, жедел-ізвестіру қызметінің мазмұнымен және принциптерімен, жедел-ізвестіру қызметінің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау Оқу мақсатында, жалпы қоғамда, мемлекетте қылмыстық-құқықтық саясатта, қылмыстылықпен күресте алатын орнымен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: ҚР Конституциясында, ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінде, ҚР қылмыстық кодексінде және басқа да ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңында және басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде бекітілген жедел-ізвестіру қызметінің негіздерін оқыту болып табылады.

Күтілетін нәтижелері: *ұғынулары тиіс:* жедел-ізвестіру қызметінің басқа заң ғылымдарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар қызметінің арасындағы алатын орны мен рөлін; жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру кезінде пайда болатын құқықтық қатынастарды; жедел-ізвестіру қызметі нәтижелерінің қылмыстылықтың алдын алуда, қылмысты ашуда және қылмысты тергеуде қолданылуын.

Білулері қажет: жедел-ізвестіру қызметінің түсінігін, міндеттерін, принциптерін; жедел-ізвестіру қызметінің құқықтық негіздерін; жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарды; жедел-ізвестіру шараларын, оны жүзеге асыру негіздері мен шарттарын; жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органдарға азаматтардың жәрдемдесу мүмкіндіктерін; құқық қорғау органдарының жедел-ізвестіру қызметін, олардың белгілерін, міндеттерін және функцияларын; құқық қорғау органдарының жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырудың негіздері мен шарттарын; жедел-ізвестіру қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мен құжаттандыруды.

Дағдылары болуы тиіс: ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңын, басқа да жедел-ізвестіру қызметін реттеуге арналған нормативтік-құқықтық актілерін талдай білу; құқық қорғау органдарында кездесіп қалатын әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға көмегі тиетін қажет материалдар мен нормативтік-құқықтық актілерді таба білу дағдысы болуы тиіс; жедел есепке алудың ашылуын және жабылуы туралы заңды негіздерді өте жақсы білу; жедел есепке алу бойынша жиналған фактілік жағдайын бағалай білу дағдылары.

Құзыреттілік: жүйелілік, коммуникативтік, арнайы.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасыныңазаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасыныңқылмыстық іс жүргізу құқығы, Заңгердің кәсіптік этикасы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

30.2. Пән атауы: Заңдардың атқарылуына прокурорлық қадағалау (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: Прокуратура органдарының қызметінің заңмен реттелетін негізгі бағыттарын, түрлі өндірістермен қылмыстық қудалаудың заңдылығына прокуратура жүзеге асыратын прокурорлық қадағалау. ҚР прокурорлық қадағалау қызметінің негізгі бағыттарын айқындау табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән өзінің бойында прокурорлық қадағалау туралы заңнаманы, қадағалаудың дәстүрлі қалыптасқан салаларындағы және прокурорлардың қызметінің негізгі бағыттарындағы прокурорлардың қызметінің теориясымен практикасын жинақтаған білім ретінде дербес құқықтық пән болып табылады. ҚР заңдардың дәлме-дәл әрі біркелкі орындалуына прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің ҚР заңдылықпен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі міндеттердің нәтижелі жүзеге асырылуын, әлеуметтік әділеттілік қағидаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететіндер нысаны ретінде қарастырылады.

Күтілетін нәтижелері:білуі тиіс. Алған білімін алдын ала тергеу мен анықтау органдарының заңдылықты сақтауын қадағалау барысында қолдана білу керек. Алған білімін қылмыстылықпен күрес, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау барысында тиімді қолдана білуі тиіс. *Құзыреттілік:* жүйелілік, коммуникативтік, арнайы.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы, Заңгердің кәсіптік этикасы

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

30.3. Пән атауы:Құқық қорғау органдары (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: Заңгер-маманның құқық қолданудың барлық саласында кәсіби қалыптасуына ықпал жасау, басқа да құқық салаларында ҚР құқық қорғау органдары туралы мәліметтерді білуін қамтамасыз ету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Құқық қорғау қызметі, түсінігі мен негізгі белгілері, мақсаты мен міндеті. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Заңдылықпен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету. Қылмыспен күрес. ҚР конституциялық құрылысы, егемендігі, экономикалық және құқықтық жүйесін қорғау. Конституциялық бақылау. Сот билігін жүргізу. Қылмыстарды тергеу. Заң көмегін беру мен қылмыстық істер бойынша қорғау. Қылмыстардың және құқық бұзушылықтарды ескерту. Сот шешімдерін орындау.

Күтілетін нәтижелері:Білімі: криминалистикалық әдістерді, құралдарды тәжірибеде дұрыс игеру. *Дағдысы:* орынды қолдану, олардың қорытындысын бағалай білу. *Біліктілігі:* Қылмыстың түріне қарай тергеуді жоспарлай білу және тергеу әрекеттерін сапалы өткізу, оларды бекіту жолдарын білу.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы. Қылмыстық құқық. Қылмыстық іс жүргізу.

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

2-траектория бойынша өтілетін пәндер 9 кредит (405 сағат)

31.1. Шарттық құқық (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: заң мамандығының студенттеріне азаматтық құқық институттардың бірі болып табылатын шарттық құқық мәселелерін қарастыру, шарт жасасу динамикасын талдау.

Пәннің қысқаша мазмұны: азаматтық- құқықтық шарттар құру бойынша практикум студенттерге азаматтық заңнамаларды қолдану саласында теориялық білім негіздерін игеруге және белгілі бір деңгейде тәжірибелік дағдыларды игеруге, оларды заңдық сауатты шешім

қабылдауды талап ететін түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білуіне, азаматтық- құқықтық қатынастар саласындағы құқықты қолдануды білікті жүзеге асыра алуларына мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелері: *Пәнді оқыту:* студенттерге азаматтық заңнамаларды қолдану саласында теориялық білім негіздерін игеруге және белгілі бір деңгейде тәжірибелік дағдыларды игеруге, оларды заңдық сауатты шешім қабылдауды талап ететін түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білуіне, азаматтық- құқықтық қатынастар саласындағы құқықты қолдануды білікті жүзеге асыра алуларына мүмкіндік береді. *Білімі:* шарттық қатынастарды құқықтық реттеу негіздері мен ерекшеліктерін білуі. *Дағдысы:* Азаматтық заңнамаларды қолдану саласында теориялық білім негіздерін алу және белгілі бір деңгейдегі тәжірибелік дағдыларға ие болу, шарттардың типтік негіздерін құрастыра білуі

Экономикалық және ұйымдастырушылық-басқару құзыреттілігі.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдері)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

31.2. Пән атауы: Қазақстан Республикасының ақпараттық құқығы (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: Ақпараттық заңнамалар негіздері туралы білімдер алу; Ақпараттық заңнамалар нормаларын тәжірибеде қолдану дағдыларын игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді оқыту мен оқу ақпарат және ақпараттық қорлар туралы қазақстандық заңнамалардың негізі мен мазмұндық жақтарын ашып қарастыруды көздейді. Студенттерде ақпараттық қатынастардың түрлі жағдайларына қатысты құқықтық нормаларды дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру;

Студенттердің назарын бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қатынастарын құқықтық реттеуге және Интернет виртуалды ортасының құқықтық режимі проблемаларына аудару.

Күтілетін нәтижелері:білуі тиіс. Құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық негіздері туралы көзқарастарының болуы; қолданыстағы заңнамаларға талдау жасай білу. «ҚР ақпараттық құқығы» курсын оқу барысында студенттер ақпараттың әр түрлі түрлерінің құқықтық режимі туралы заңнамаларды білуі, алынған білімдерін тәжірибеде қолдана білуі; құпияның негізгі түрлерін қоса есептегендегі ақпараттың құқықтық режимін реттеу туралы көзқарастарының болуы; нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдыларын *игеруі тиіс.* *Дағдылары:* Курсты оқу барысында студент ақпараттық қорлардың құқықтық режимінің ерекшеліктерімен және ақпараттық ортадағы жауапкершілік түрлерімен танысады. *Құзыреттілігі:* құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық негіздері туралы көзқарастарының болуы; қолданыстағы заңнамаларға талдау жасай білу. Оқу барысында студенттер жалпы бөлімнің теориялық ережелері, оның ерекше бөлімінің негізгі құқықтық институттары салалары туралы білімдерді игеруі, сондай- ақ нормативтік құқықтық актілерді қолдану мен талдау бойынша іскерліктер мен дағдыларды игеруі, тәжірибелік жағдайларды шеше білуі тиіс.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдері)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

31.3. Пән атауы:Азаматтық іс жүргізу құқығы практикумы (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты:Сот пен іске қатысушылар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын студенттерге ұғындыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Практикум семинар мен арнайы курстарға арналған. Онда әрекеттегі заңдарға сәйкес сабақтарға дайындық, құқықтық жағдайлар мен сұрақтарға әдістемелік нұсқаулар берілген. Әр тақырыпқа негізгі ғылыми және құқықтық қайнар көздер келтірілген. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні, жүйесі мен қайнар көздері. ҚР азаматтық іс жүргізудің қағидалары. Жалпы уәкілеттіктегі соттарға бағыныстылығы мен соттылығы. Іске қатысушы тұлғалар. Соттағы өкілеттік. Талап. Сот дәлелдемелері. Іс жүргізу мерзімдері, сот шығындары, іске қатысушыларды мәліметпен қамтамасыз ету. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау. Сот шешімі. Сырттай өндіріс пен шешім. Бұйрық өндірісі. Жария құқықтық қатынастардан туындайтын істер бойынша өндіріс. Ерекше өндіріс.

Күтілетін нәтижелері: *Білімі:* студент азаматтық іс жүргізу нормаларының мәні мен қолдана білу.

Дағдысы: азаматтық іс жүргізу құжаттарын жүргізу тәртібін игеруі тиіс.

Біліктілігі: ҚР азаматтық іс жүргізудің қағидалары. Жалпы уәкілеттіктегі соттарға бағыныстылығы мен соттылығы. Іске қатысушы тұлғалар. Соттағы өкілеттік. Талап. Сот дәлелдемелері. Іс жүргізу мерзімдері, сот шығындары, іске қатысушыларды мәліметпен қамтамасыз ету.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, Конституциялық құқық, Мемлекет және құқық тарихы, Рим жеке құқығы, Азаматтық құқық (жалпы және ерекше бөлім)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

32.1. Міндеттемелік құқық (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: деликтілік міндеттемелердің элементтерін, материалдық және моральдық зиянды өтеу институтын қарастыру және зиянның орнын толтыру ережелерін зерттеу, институтының даму перспективасын анықтау. Осы қойылған мақсатқа жету үшін келесі мәселелерді қарастыру: **зиян келтіруден туындайтын міндеттемелердің түсінігі мен маңызы; зиян келтіруден туындайтын міндеттемелердің пайда болу шарттары; азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруден туындайтын міндеттемелердің жалпы ережелері; заңды тұлғаның моральдық зиянды өтеудің мәселелері және т.б.**

Пәннің қысқаша мазмұны: Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарына (игіліктеріне) және заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіру заң шығарушының назарынан тыс қала алмайтындығы сөзсіз. Олай болмаған жағдайда қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретіндегі азаматтық құқықтың құндылығы елеулі түрде төмендетілер еді. Сол бір немесе өзге субъектілерге зиян келтіру жағдайларын тиісті назардан тыс қалдыру әртүрлі құқықтық және өзге де өзекті мәселелерді одан әрі туындайтын, бір немесе бірнеше құқық бұзушылықтар жасаған құқық бұзушы тарапынан құқық бұзушылықты одан әрі ушықтыруға алып келуі әбден мүмкін. Зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерді жүзеге асырумен азаматтық-құқықтық жауапкершілік және сонымен қатар, оның функциялары жүзеге асырылады. Оның функцияларын компенсациялық, айыппұлдық, тәрбиелік және алдын алушылық ретінде анықтауға болады. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің компенсациялық функциясы өз мақсаты ретінде бұзылған құқықтар мен мүдделерді олардың бұзылуына тепетең түрде қалпына келтіруді көздейді. Аталған жауапкершілікті қолдану құқық бұзушыны, оның өзі деликт жасай отырып байып кетпеген мүліктік аясын кеміту жолымен жазалайды.

Күтілетін нәтижелері: Пәнді оқыту кезінде студенттер деликтік міндеттемелерді құқықтық реттеу институтының құрылысына тоқталып толық түсініктерді меңгереді. Пәнді оқу барысында игерген білімді тәжірибеде шығармашылық түрде қолданады. Студенттердің пән бойынша тарихи кезеңдерінде әр түрлі ситуацияларға, зиян келтіру салдарынан пайда болған құқықтық нормаларды дұрыс қолдана білуге дағдыланады. Қазіргі кезеңдегі деликтік міндеттемелерді құқықтық реттеу заңгерлер үшін қажетті пән болғандықтан ойлар мен

теорияларға анализ жасау: осыған байланысты магистранттарға қазақстандық ғалымдардың монографиялық зерттеулері мен халықаралық жеке құқық саласындағы мәселелер бойынша мерзімді баспасөзде жарияланған мәліметтермен жұмыс жүргізіп, мақалаларға талдау жасау, ондағы идеяларды бағалай білуі. Тұрақты түрде тұлғаның кәсіби өсуіне қажеттілік жасау.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдері)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

32.2. Пән атауы: Тұрғын үй құқығының өзекті мәселелері (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: «Тұрғын үй құқығының өзекті мәселелері» пәнін игерудің мақсаты студенттерде тұрғын үй қатынастарының негізі, ұғымы және белгілері, оларды жіктеу бағамдары, тұрғын үй қатынастары саласындағы цивилистика ғылымы мен құқықты қолдану тәжірибесінің негізгі мәселелерін ұғынуы туралы жүйелі көзқарастар қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: тұрғын үйге қатысты пайда болатын әр түрлі қатынастармен танысу: тұрғын үйлерді иелену, пайдалану және иелік ету, қажет етуші мұқтаж жандарға тұрғын үйлерді беру, тұрғын үй қорын басқару мен пайдалану бойынша; алынған білімдерін тәжірибелік кәсіптік қызметте тұрғын үй қатынастары саласындағы нақтылы міндеттерді шешуде қолдану дағдысын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелері:білуі тиіс. *Білімі:* - тұрғын үй қатынастарының негізін, қызметі мен табиғатын; - азаматтық және тұрғын үй құқықтық қатынастарының арақатынасын; - тұрғын үй қатынастарының жекелеме түрлерінің ерекшеліктерін.

Іскерлігі: - нормативтік актілерді талдау, нақтылы жағдайларға қатысты бұзылған тұрғын үй құқықтарын қорғаудың оптималды тәсілдерін табу; - құқықтық жағдайларға талдау жасау кезінде құқық нормаларын қолдану; - тұрғын үй құқықтық қатынастарының жекелеме мәселелері бойынша өзінің дәлелді көзқарастарын қалыптастыру.

Дағдысы: - азаматтық, тұрғын үй және іс жүргізу заңнамаларын қолдану дағдысы; - тұрғын үй құқығы объектісі ретінде тұрғын үйді иелену, пайдалану, иелік ету бойынша құқықтық казустарды шешу дағдысы; - тұрғын үй қатынастары саласында құқықтық актілерді дербес шығармашылық талдау, құрастыру дағдыларының болуы, тұрғын үй заңнамаларын пайдалану бойынша кеңес беру дағдысының болуы.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдері)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

32.3. Пән атауы: Қазақстан Республикасының банк құқығы (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: мыналар жатады: банктік құқықтың негізгі теориялық мәселелерін зерделеп, зерттеу; банктік құқықтың құқық саласы ретіндегі өзекті мәселелермен студенттерді жете таныстыру арқылы экономикалық – қаржылық қатынастарды реттеуге арналған және бағытталған көптеген нормативтік – құқықтық актілерді, олар реттейтін аяларды бір – бірінен ажырата білу; банктік заңдарды іс жүзінде, тәжірибе асқан біліктілікпен қолдануға баулу және үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Банк құқығы банк құқығының субъектілері мен объектілері, банк қызметі, Ұлттық және коммерциялық банктердің құқықтық мәртебесі, банк жүйесі, банк шоты, салымы шарттары, банк ақпараты және банк құпиясын қамтамасыз ету,

валютаның курсы және нарық, валюталық шоттар және операциялар, шетелдердің банк құқығы қатынастарын қалыптастырып реттейтін тиісті нормативтік актілердің көпшілігіне арнайы экономикалық терминдердің қолданылуына, банкілік кредиттеу байланысты цифрлық материалдық молдығына, нарықтық экономика аясындағы қажеттілігіне орай студенттерді саналы түрде игеруге және ұқыпты дайындауға талаптандыратын оқу пәні болып саналады.

Күтілетін нәтижелері: *Білу керек:* студенттер ҚР банк жүйесі, мемлекеттің қаржы қызметі және оны жүзеге асыратын қаржы органдарының құқықтық жағдайлары туралы мағлұматтар білу; банктік қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілермен танысу; банктік қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге құқықтық баға беруді. Болашақ маман-заңгерге барылық құқық салалары үшін кешендік болып табылатын негізгі құқықтық институттарды толық меңгеріп білуі керек. *Қолдана білу керек:* студенттер банктік қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге құқықтық баға беруге және талқылауды. Студент осы пән курсы бойынша алған теориялық білімін болашақта әділ, дұрыс пайдалана білуі керек. **Дағдысы:** ҚР банк құқығының реттеу принциптері, заң шығармашылық пен құқық қолдану тәжірибесінде іске асыру мүмкіндігінің болуы.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, Конституциялық құқық, Мемлекет және құқық тарихы, Рим жеке құқығы, Азаматтық құқық (жалпы және ерекше бөлім)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

33.1. Патенттік құқық (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: зияткерлік меншік құқығы саласында кәсіптік мәдениетті пайдалануды қалыптастыру,

Зияткерлік құқық саласында құқықтық ойлауды, теориялық білімдерді, ойларды және дағдыларды игеру

және оны құқықтық реттеу тетіктерін игеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: зияткерлік құқық, шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау және оларды құқықтық реттеу тетіктері салаларында құқықтық негіздер бойынша білімдер, іскерліктер мен дағдылардың тұтас жүйесін құру; зияткерлік қызмет нәтижелерін қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамалармен танысу; студенттерді зияткерлік меншік құқығының негізгі мәселелерімен таныстыру; зияткерлік меншік құқығының ерекшеліктері мен даму тенденцияларын зерттеуге үйрету, алынған білімдерді зияткерлік меншік объектілерін шаруашылық айналымға енгізуді ұйымдастыру кезінде зияткерлік меншік құқығын бұзудың алдын алу бойынша заңда қарастырылған шараларды қоса есептегенде, сондай-ақ осы құқықтарды қалпына келтіру мен қорғауда пайдалану.

Күтілетін нәтижелері: Білімі:

- құқықтық мемлекет қалыптастыру жағдайында зияткерлік меншік құқығының ҚР құқықтық жүйесінде алатын орыны мен рөлі,

-зияткерлік меншіктің дәстүрлі емес объектілерін құқықтық қорғау жүйесі;

-кәсіпкерлік қызметке қатысушылар мен олар шығаратын өнімдерді дербестендіру саласындағы ресей заңнамаларының нормалары мен ережелері.

Іскерлігі:

- зияткерлік меншік саласындағы кәсіптік міндеттерді шешу үшін ғылымда пайдаланылатын өзіндік ерекшеліктері бар әдістерді пайдалану;

- зияткерлік меншік бойынша атқарушы биліктің федералдық органдарымен бірлесе әрекет ету;

- қызметкерлер мен мекемелердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарын қорғау үшін құқықтық әдістерді қолдану;

- зияткерлік меншікке құқықты қорғау процессі кезінде құқықтық көзқарасын ауызша және жазбаша түрлерде сауатты бере білу.

Дағдысы:

- зияткерлік меншік құқығының ғылыми санаттық және ұғымдық аппараттарын пайдалану дағдысы;

- қағаз және электронды алып жүрушілердегі зияткерлік меншік құқығы саласы бойынша ең жаңа ғылыми әдебиеттермен танысудың оптималды әдістерін таңдау және пайдалану дағдысы;

- қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тарта отырып зияткерлік меншік құқығы саласында доктриналық және

- зияткерлік меншік саласындағы шарттарды рәсімдеу және тіркеу дағдылары;

- зияткерлік қызмет нәтижелерімен байланысты мәселелер бойынша іскерлік келіссөздер жүргізу дағдысы.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдері)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Палванова М.З.

33.2. Пән атауы: Қазақстан Республикасының сақтандыру құқығы (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттерді сақтандыру құқығының басты мәселелерімен таныстыру, оларды сақтандыру құқығы бойынша нормативтік- құқықтық материалдардың ақпараттық ағымында дағдылануды үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студент сақтандыру құқығын оқу барысында сақтандыру заңнамасымен жұмыс істеу біліктігіне ие болу қажет, тәжірибеде сақтандыру құқығы теориясының негіздерін қолданып және білуі қажет.

Күтілетін нәтижелері:білуі тиіс. *Білу керек:* Сақтандыру заңнамаларымен танысу және сақтандыру институтының құқық жүйесіндегі орынын анықтау; сақтандырудың ұйымдық элементтерімен, сақтандырудың субъектілік құрамымен, сақтандырудың күрделі түрлерімен танысу; сақтандыру ісінің негізі болып табылатын сақтандыру шартының ерекшеліктерімен танысу. Сақтандыру мәселелері бойынша өмірлік құқықтық жағдайларда бағдар ала білу дағдысын алу.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Әкімшілік құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдері)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Қожабергенова Н.М.

32.3. Пән атауы: Интеллектуалдық меншік құқығы (3 кредит-135сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттерге нақты тәжірибелі жағдайларда құқық нормалары мен теорияларын қолдануды, заңды техниканы, анықталмаған болжамдарды көре білуді, пайымдау логикасында қателерді көру және жіберіп алмауды, сонымен қатар құқықтық ақпараттардың өңдеу процесстері мен мәліметтер базасын қолдануды үйрету болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ғылым, әдебиет, өнер туындыларының авторлары, орындаушылары, фонограмма жасаушылар немесе өзге де авторлық және сабақтас құқықтар иелері өздерінің мүліктік құқықтарын іс жүзіне мақсатына олардың мүліктік ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар құруға құқылы, заңды құқықтары мен міндеттерін қорғауға қатысты авторлық құқықтық қатынастарының кез-келген мәселелерімен кездеседі.

Күгілетін нәтижелері: *Білімі:* Студент интеллектуалдық меншік және ақпараттық қауіпсіздікті сақтау.

Дағдысы: саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу мәселесінде білікті болуы қажет.

Біліктілігі: Интеллектуалдық құқықтар режимінің ерекшеліктері. Олардың түрлері.

Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, Конституциялық құқық, Мемлекет және құқық тарихы, Рим жеке құқығы, Азаматтық құқық (жалпы және ерекше бөлім)

Постреквизит: Диплом алдындағы іс-тәжірибе

Оқытушы: Бекбутаев Қ.П.

Ескерту:

* Студент элективті пәндер каталогын эдвайзердің көмегімен танысуы тиіс.

* Студент элективті пәндер каталогымен танысып, өзіне қажетті пәндерді таңдау арқылы жеке білім траекториясын белгілей отырып жұмыс жоспарын анықтайды.

* Студент үшін жеке жұмыс жоспары оқу үрдісін ұйымдастыратын негізгі құжат болып есептелінеді.